



МҰХТАР АЗАЛЫ

№6
(2177)
Сенбі
20 қаңтар
2024 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

СУ ТАСҚЫНЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ ПЫСЫҚТАЛДЫ

Қазалы ауданының әкімі Мұхтар Оразбаев Басықара аулындағы Ө.Тыныбаев атындағы су торабына арнайы барып, су тасқынының алдын алу бағытында атқарылатын жұмыстарды талқылады.

Сонымен қатар, бүгінгі күні дарияға қаншалықты су келіп тұрғанынан, деңгейінен және мұз қалыңдығынан хабар алды.

Мамандардың айтуынша, қазіргі таңда Қазалы су торабына жоғарыдан 223.5 текше метр секундına су келуде. Одан бөлек, мұздың қалыңдығы 30-33



см шамасында болып тұр.

Мұхтар Әуесұлы мұнан соң өткен жылы қазылып, тазаланған Өтебас каналына ат басын бұрды.

Бүгінгі күні қазылған 11,6 шақырым канал бойына су келіп тұр. Аудан басшысы канал мал жайылымын суландырумен қатар Сырдария өзеніне келген мол суды қабылдай алатынын айтып, жауаптыларға барлығын бақылауда ұстап отыруды жүктеді.

**Қазалы ауданы әкімдігінің
баспасөз қызметі**

АЛАЯҚТАРҒА АЛДАНБА - ОЙНАП ЖҮРІП ОТ БАСПА

Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаев: – 2022 жылдың 1 қыркүйегінде Қазақстан халқына арнаған Жолдауында: интернет және телефон арқылы жасалатын алаяқтық әрекеттерге айрықша назар аудару керек. Құқық қорғау органдары мұндай қатерлерді анықтап, қылмыскерлерді құрықтау үшін ақпараттық-сараптама жұмысын күшейтуі қажет. Сондай-ақ, азаматтардың құқықтық және қаржылық сауатын жүйелі түрде арттырған жөн, - деп атап айтқан болатын.

Осы тұрғыда аудандық прокуратураның бастама-сымен құқық бұзушылық профилактикасы бойынша, оның ішінде алаяқтық қылмыстармен күресу

бағытында 2023 жылдың 12 айында 3 ведомствоаралық жиналыс өткізілді.

Алаяқтықтан сақтану жолдары бойынша «Қазалы», «Тұран-Қазалы» газеттерінде және аудандық прокуратура, әкімдік пен полиция бөлімінің «Facebook» ресми парақшаларында мақалалар мен бейнероликтер үнемі шығып, жадынамалар таратылды.

Жүргізілген профилактикалық жұмыстардың нәтижесінде, ауданымызда алаяқтық қылмыстар 7,7% азайған (26/24).

Алаяқтық қылмыстарының бірден бір түрі - ол аз пайызбен несие алып беремін, жұмысқа тұрғызып беремін деп сенімді теріс пайдалану

арқылы мүлікті иемдену.

Мысалы, Әйтеке би кентінің тұрғындары А.Ж. және Б.В. мемлекеттік бағдарлама бойынша 2,5 - 6 пайызбен ірі мөлшерде несие алып береміз деп, Қазалы ауданының 15 тұрғынын сендіріп, 25 млн. теңгеден астам ақша қаражатын заңсыз иемденіп алған.

Орын алған қылмыстық оқиғаға байланысты жәбірленушілер аудан прокурорының жеке қабылдауында болып, өтініштері тыңдалды.

Аталған деректерге қатысты Қазалы аудандық полиция бөлімімен ҚР ҚК-нің 190-бабы 3-бөлігінің 1, 4 тармақтарымен қылмыстық іс тіркеліп, күдіктілер қамауға алынды.

Нәтижесінде, күдіктілер А.Ж. және Б.В. қатысты сот үкімі шығып, жәбірленушілерге келтірілген шығын қайтып, олардан кешірім алуына байланысты, 4 жыл мерзімге бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалды.

Жоғарыдағыларды түйіндей келе, оңай олжаға кенелемін деп алаяқтың құрбаны болмауға шақырамыз.

Бөтеннің сеніміне кіріп алдап, мүлкін иемденген азаматтың жалпы өмірде жолы болмай, түбі темір торға тоғытылып, қылмыскер атанатынын назарларыңызға жеткіземіз.

**Қазалы
аудандық
прокуратурасы**

КІТАП-БІЛІМ БҰЛАҒЫ

Кітап – ақын-жазушылардың тарихи-әдеби мазмұнды туындысы. Адамзаттың қол жеткізген басты нәтижелерінің бірі-білім. Оны ерте заманнан бері ұрпақтан-ұрпаққа ауызша және жазбаша түрде жеткізе білген. Соның бір дәлелі – кітап. Кітаптың адам өміріне әкелетін пайдасы өте үлкен. Ол рухани азық беруші.

Кітапты дұрыс таңдап, оқи білу адамның жеке тұлға болып қалыптасуына үлкен әсерін тигізеді сөзсіз. Кітапты үнемі оқу – тың ақпараттарды алудан бөлек мидың жұмыс істеуін жақсартады.

Сондай-ақ, кітап адамның бойындағы шығармашылық қасиетін ашады. Кітап оқыған адамның ой-

лау қабілеті жетіледі, сөйлеу мәдениеті өзгереді және өз ойын барлық ортада еркін жеткізе алады.

Халқымыздың жазушысы Ғ.Мүсірепов «Кітап оқудан тыйылсақ, ой ойлаудан да тыйылар едік» дегеніндей қазіргі кезде адамдар бір-біріне ашық ой-пікірлерін жеткізе алмайды.

Кітапты кейбір адам ізденіс ретінде, өз-өзін жетілдіру үшін оқыса, ал біреуі уақыт өткізу үшін оқуы мүмкін. Қазіргі уақытта кітап оқып, құлшынып жүрген адамдарды көру өте сирек кетті. Оның барлығы заманның ағымына сай дамып жатқан интернет құрылғыларының әсері десек артық емес.

Барлық керек мәлімет сол интернет желісінен табылады. Сондықтан кітаптан ізденіп те әуре болмайды. Заман талабына қарсы шығуға болмайды. Дегенмен, қазіргі және келешек ұрпақтар сауатты өмір сүру үшін рухани құндылығымызды жоғалтып алмағанымыз жөн.

**Ұлпан ІБРАШ,
«Тұран-Қазалы»**

АУДАННЫҢ БАС МЕШІТІНЕ ОН ЖЫЛ!

Ауданның орталық «Жанқожа батыр» бас мешітінің салынып пайдалануға берілгеніне де 10 жыл толғанын күнделікті күйбең тіршілікпен айналысып жүріп байқамай да қалыппыз.

Аталмыш мешіттің іргетасы 2007 жылы Әйтеке би кентінің Жанқожа батыр көшесі бойынан қаланып қабырғалары тұрғызылып, төбесі жабылды.

Содан кейін бөлінген қаржы толық жетіспеуіне байланысты мешіт құрылысы жеті жыл тоқтады.

2013 жылы кәсіпкер азаматтардың және аудан халқының көмегімен қаржы жиналып, мешіт құрылысы қарқынды басталып, 2014 жылдың желтоқсан айының 24-ші жұлдызында ашылу салтанаты болып халық игілігіне пайдалануға берілді.

Мешіттің салынуына бастама көтеріп, оған алғашқы қомақты қаржы бөлгізіп, сауапты іске кіріскен Жанқожа бабаның төртінші ұрпағы Оңтүстік Кореяның елшісі, Сеул қаласының құрметті азаматы, профессор, қоғам қайраткері, 1964 жылы туған жерлесіміз Құттық руының Майдан аталығынан тарайтын ұрпақ өкілі Дархан Бердалиев есімді азамат.

Жүрегі жомарт, пейілі кең Дархан бауырымыз бір естелігінде:

«-Менің еткен еңбегім еленіп, бағаланып, берілген ондаған медаль, тағы басқа марапаттарым жеткілікті. Миллиондаған халқы бар Оңтүстік Корея Республикасының астанасы Сеул қаласының Құрметті азаматымын.

Бірақ, бәрінен маған Отаным, туған жерім ыстық,

қолымнан келетін бір нәрсе болса Қызылордаға, ауылыма болсын деймін. Оның ішінде Қазалы жері, халқы мен үшін ерекше», - депті.

Бұл шынайы көңілімен айтылған сөзінде Дархан бауырымыз тұрды, өзінің кіндік қаны тамған Қазалы ауданының орталығынан даңқты батыр әрі әулие Жанқожа батыр көшесі бойынан бабасының атымен аталатын зәулім де сәулетті имандылық үйін салдырды.

Он жыл ішінде бұл мешіттен жүздеген шәкірттер діни дәріс алды. Намаздар оқылды. Неке-лер қиылды. Қаншама сәбилерге азан шақырылып есімдері қойылды.

Діни де мәдени іс-шаралар өткізілді. Асханасында ас берілді. Діни қиссалар, уағыздар айтылды.

Алланың кәламы Құрандар оқылды.

Тұңғыш рет қарилар дайындайтын медресе салынып пайдалануға берілді.

Онда келешек қаншама қари, хафиздер шығатыны да белгілі. Осы кездің өзінде қарилардың алғашқы түлектері шығып та үлгірді.

Алла Тағала осы ізгі амалдардың сауабын Дархан бауырымызға нәсіп етпей демекпіз.

Бұл мешіттің сырттан келген белгілі тұлғалардың, қонақтардың тағзым етіп құлшылығын жасап кететін киелі орынға айналғанының біздер куәсіміз.

Мешіттің іші де, ауласы да кең құлшылық жасайтын бөлмелері де жайлы, таза екенін ел халық көріп сүйсінуде.

Мешіт пен медресені өз

дәрежесінде ұстап тұру да оңай шаруа емес екені белгілі.

Бірақ жүректеріне иман ұялаған азаматтар баршылық. Солардың, аудан халқының көмектерінің арқасында мешіт көркеюде, гүлденуде, діни қызметкерлердің сапасы жақсаруда.

Он жыл ішінде Қайрат Дәуіржанұлы, Мейрамбек Жәмиев, Берік Мәдиұлы, Нұрдаулет Асқарұлы есімді білікті имамдар имамдық етті.

Бақтияр Саламатов, Мұстафа Есмамбетов, Өмірбек Ние-тов, Ернұр Кенжемұратұлы, Марғұлан Алтынбек, Зәуре Өтегенқызы және білікті қари Исмайл Омарұлы діни дәріс берудің шеберлік шыңына көтерілгендер деуге келетіндер.

Мешіт асханасының меңгерушісі Жасұлан Абдурахманұлы, тазалықшы Алмағұл Темірбекқызы және Алмат, Ануар, Избасар, Дәріжан, Серік есімді молдаларымыз да мінездері көркем, сауатты, амалдарға жетік өз қызметтеріне төселген жандар.

Мешіт ашылғаннан бері діни дәріс алуға келген алпыс тіпті жетпістен асқан кейуаналар мен қарияларымыз қазіргі кезде Алланың кәламы қасиетті Құраннан араб әрпімен жазылғанын өз дәрежесінде оқитын дәрежеге жетті.

Облыс бойынша құран оқу жарысынан қазалылық әйел, қыздар 1-ші, 2-ші, 3-ші орыннан көрінуі ұлағатты ұстаз екі рет Умра қажылығын өтеп келген Зәуре Өтегенқызының еңбегінің нәтижесі болатын.

Қаншама жастар да ересек әйелдер мен ерлер де оқып жатыр.

Осының бәрі Алласын мойындап және қасиетті Құран-Исламның рухани көгінде жарық шашқан нұрлы шырақ екенін шынайы жүректерімен сезіне білген бауырларымыздың ізгі амалдарына жатады.

Он жыл ішінде алты жыл қатарынан мешітіміз облыс бойынша «Жылдың үздік мешіті» имамдарымыз «Жылдың үздік имамы» номинациясын иеленді.

Мешіт жамағаты бірнеше рет футболдан аудан, облыс орталығындағы жарыстарға қатысып, жүлделі орындарды иемденді.

Берік Мәдиұлы имам Республикалық дәрежедегі медальмен, баспасөз хатшысы Беганыш Жақсыбай ҚР ішкі істер Министрілігінің Құрметті ардагері және осы саланың «Құрмет грамотасымен» марапатталды. Ел халықтың көмегімен жыл ішінде салынып біткен қарилар медресесі және мешіт күмбездерінің алыстан көз тартарлықтай болып қапталып безендірілуі тағы басқа да жасалынып жатырған ізгі амалдар, жетістіктер баба мешітінің он жылдығы мен батыр бабамыздың 250 жылдық мерей тойларына тарту десе де болады.

Бұл үшін уақытпен санаспай, табандылық танытып көпшілікті ұйымдастыра білген жас та болса бас бола білген білікті имамдарымыз Берік Мәдиұлы мен Нұрдаулет Асқарұлы мешіт жанаушыры Сәбит Аралбаев, Болатбек Қоңырбаевтың еңбектеріне Алла разы болғай, кәсіптеріңе береке бергей демекпіз.

Беганыш ЖАҚСЫБАЙ,
«Жанқожа батыр» мешітінің
баспасөз хатшысы,
Әйтеке би кенті

Жолаушылардың және багаждың тұрақты қалалық және елді мекендерді: қаланы, ауылдарды (селоларды) аудан орталығымен жалғастыратын автомобиль тасымалдары маршруттарына қызмет көрсету құқығына арналған конкурсты өткізу туралы

Хабарландыру

1.«Қазалы ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі 2024 жылғы 15 ақпан «Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Ж.Нұрмұхамбетұлы №130 үй, 131 кабинет» мекен-жайы бойынша жолаушылардың және багаждың кентішілік және елді мекендерді: қаланы, ауылдарды (селоларды) аудан орталығымен жалғастыратын тұрақты автомобиль тасымалдарының маршруттарына қызмет көрсету құқығына арналған конкурсты өткізу туралы хабарлайды.

2.Конкурсқа мынадай маршруттардың пакеттері (маршруттар) шығарылады:

Лот №1 «№1 Әйтеке би кенті-Қазалы қаласы», лот №2 «№2 4-квартал-Достық көшесі», лот №3 «№3 Аудандық аурухана-5 квартал айналма жол», лот №4 «№4 1 квартал - 5 квартал айналма жол», лот №5 «№5 Аудандық көп бейінді орталық ауруханасының жұқпалы аурулар бөлімі-5 квартал айналма жол», лот №6 «№6 №204 мектеп-Астана көшесі», лот №7 «№7 Қазалы керуені -Жанқожа 3км учаскесі»,

лот №8 «№8 Рахметов көшесі-Ақбаев көшесі-№170 мектеп», лот №9 «Ақтан батыр-Қазалы-Әйтеке би», лот №10 «Бірлік-Қазалы-Әйтеке би», лот №11 «Бекарыстан би-Қазалы-Әйтеке би», лот №12 «Майдакөл-Әйтеке би», лот №13 «Ү.Түктібаев-Қазалы-Әйтеке би», лот №14 «Аранды-Қазалы-Әйтеке би», лот №15 «Қожабақы-Қазалы-Әйтеке би», лот №16 «Бозкөл-Қазалы-Әйтеке би», лот №17 «Кәукей-Қазалы-Әйтеке би», лот №18 «Абай-Қазалы-Әйтеке би», лот №19 «Тасарық-Қазалы-Әйтеке би», лот №20 «Ақсуат-Әйтеке би», лот №21 «Өркендеу-Қазалы-Әйтеке би», лот №22 «Әйтеке би-Қ.Пірімов-Басықара», лот №23 «Әйтеке би-Жалаңтөс», лот №24 «Әйтеке би-Ғ.Мұратбаев», лот №25 «Әйтеке би-Жанқожа батыр», лот №26 «Шәкен-Шилі-Әйтеке би», лот №27 «Кәукей-Ажар».

3. Конкурсқа меншік нысанына қарамастан, меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде техникалық ерекшелігі:

- автобустар үшін жақсы

жағдайдағы, жөндеуді қажет етпейтін, жалпы сиымдылығы 40 (оның ішінде орындықтар саны 22 данадан кем емес), басқару органдары сол жақта орналасқан, 2 дана жолаушыларға арналған есігімен қамтылған;

- Ресейлік шағын автобустар үшін жақсы жағдайдағы, жалпы сиымдылығы 12-ден кем емес (жүргізушіні қоспағанда), еуропалық шағын автобустар үшін жақсы жағдайдағы, жалпы сиымдылығы 14-тен кем емес (жүргізушіні қоспағанда), басқару органдары сол жақта орналасқан;

- Азиялық елдерден шыққан орташа сиымдылықты автобустар үшін жақсы жағдайдағы, жөндеу жұмыстарын қажет етпейтін, жалпы сиымдылығы 22-ден (оның ішінде орындықтар саны 16 данадан кем емес) I, II классты автокөлік құралдарын иеленуші кез келген жеке және заңды тұлғалар қатысуға құқылы.

4. Конкурсқа қатысуға тілек білдірушілер аудан әкімінің аппаратына конкурстық құжаттардың жиынтығын алу

үшін жазбаша өтінімді «Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Ж.Нұрмұхамбетұлы, көшесі № 130 үй, 131-ші бөлме» мекен-жайы бойынша ұсынуы тиіс.

5.Конкурстық құжаттарды алуға өтінімдерді қабылдаудың және конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі: 2024 жылғы " 15 " ақпан.

6. 2024 жылғы 15 ақпан конкурстық Комиссия конкурсты өткізу мәселелері жөніндегі конкурс алдындағы конференцияны өткізеді.

7. Анықтама алу үшін телефон: 8/72438/ 79-2-80.

8.Конкурсқа қатысушылар «Автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 26 наурыздағы № 349 бұйрығының талаптарына сәйкес келуі тиіс.

Қазалы ауданының
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылығы,
жолаушылар көлігі және
автомобиль жолдары бөлімі

ЖОБА

БІРЛЕСКЕН
ҚАУЛЫ және ШЕШІМҚазалы ауданы, Қазалы қаласындағы «Новостройка»
көшесін қайта атау туралы

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 5-1-бабының 2-тармағына, «Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 1 тамыздағы №211 бұйрығына және облыстық ономастика комиссиясының 2023 жылғы 21 желтоқсандағы қорытындысына сәйкес

Қазалы ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Қазалы аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қазалы ауданы, Қазалы қаласындағы «Новостройка» көшесі «Күлтегін» есімімен қайта аталсын.
2. Осы бірлескен шешім және қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазалы ауданының әкімі

Қазалы аудандық
мәслихатының төрағасы

ПРОЕКТ

СОВМЕСТНОЕ
ПОСТАНОВЛЕНИЕ и РЕШЕНИЕО переименовании улицы «Новостройка» в городе Казалинск,
Казалинского района

В соответствии с пунктом 2 статьи 5-1 Закона Республики Казахстан

от 8 декабря 1993 года «Об административно-территориальном устройстве Республики Казахстан», Приказ Министра культуры и спорта Республики Казахстан от 1 августа 2023 года № 211 «Об утверждении Правил учета мнения населения соответствующей территории при наименовании, переименовании административно-территориальных единиц, составных частей населенных пунктов, а также уточнении и изменении транскрипции их наименований» и заключением областной ономастической комиссии от 21 декабря 2023 года акимат Казалинского района ПОСТАНОВЛЯЕТ и Казалинский районный маслихат РЕШИЛ:

1. Переименовать улицу «Новостройка» именем «Күлтегін» города Казалинск, Казалинского района.
2. Настоящее совместное решение и постановление вводятся в действие со дня подписания.

Аким Казалинского района

Председатель Казалинского
районного маслихата

ЖОБА

Көшелер мен тұйық көшелерге атау беру туралы

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына, Әйтеке би кенті тұрғындарының пікірін ескере отырып және облыстық ономастика комиссиясы 2023 жылғы 21 желтоқсандағы №1 қорытындысына сәйкес Қазалы ауданы, Әйтеке би кентінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Әйтеке би кентіндегі көшелеріне және тұйық көшесіне келесі атаулар берілсін:
 - 1) Жанқожа батыр 3 шақырымдағы №2 атауы жоқ көшесіне «Шағырай Мырзакелдіұлы» көшесі;
 - 2) 5 кварталдағы атауы жоқ көшесіне «Сейіл Боранбаев» көшесі;
 - 3) 5 кварталдағы №1 атауы жоқ көшесіне «Әбдраман Елубаев» көшесі;
 - 4) 2 кварталдағы №2 атауы жоқ көшесіне «Әбубәкір Теміров» көшесі;
 - 5) Жанқожа батыр 3 шақырымындағы атауы жоқ көшесіне «Елшекен Қуанышбаев» көшесі;
 - 6) 2 кварталдағы №1 атауы жоқ көшесіне «Берден Баекеев» көшесі;
 - 7) 2 кварталдағы атауы жоқ көшесіне «Құлмұрат Қуатов» көшесі;
 - 8) Бегім ана тұйық көшесін Әбдраш Құдайбергенов тұйық көшесіне;
 - 9) Әбілқайыр хан тұйық көшесін Бекет Бердібаев тұйық көшесіне қайта аталсын.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Әйтеке би кентінің әкімі

М.Әбсұлтанов

ПРОЕКТ

О присвоении наименований улиц и переулков

В соответствии с подпунктом 4) статьи 14 Закона Республики Казахстан от 8 декабря 1993 года «Об административно-территориальном устройстве в Республике Казахстан» с учетом мнения населения поселка Айтеке би и заключением областной ономастической комиссии от 21 декабря 2023 года №1 аким поселка Айтеке би Казалинского района РЕШИЛ:

1. Присвоить улицам и переулку поселка Айтеке би следующие наименования:
 - безымянной улице № 2 в 3 километре Жанкожа батыра улица Шағырай Мырзакелдіұлы;
 - безымянной улице в 5 квартале улица Сейіл Боранбаев;
 - безымянной улице № 1 в 5 квартале улица Әбдраман Елубаев;
 - безымянной улице № 2 в 2 квартале улица Әбубәкір Теміров;
 - безымянной улице № 3 в 3 километре Жанкожа батыра улица Елшекен Қуанышбаев;
 - безымянной улице № 1 в 2 квартале улица Берден Баекеев;
 - безымянной улице № 3 в 2 квартале улица Құлмұрат Қуатов.
2. Переименовать следующие переулки поселка Айтеке би: переулок Бегім ана на переулок Әбдраш Құдайбергенов; переулок Әбілқайыр хан на переулок Бекет Бердібаев.
3. Контроль за исполнением настоящего решения оставляю за собой.
4. Настоящее решение вводится в действие со дня его первого официального опубликования.

Аким поселка Айтеке би

М.Әбсұлтанов

Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушілердің және олардың лауазымды тұлғаларының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі. (ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы №ҚР ДСМ - 336/2020 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы)

Көрсетілетін қызметті және бақылау жөніндегі берушінің және олардың уәкілетті органның атына қызметкерлерінің келіп түскен көрсетілетін мемлекеттік қызметтер қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым қаралуға тиіс.

Портал арқылы жүгінген көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына беріледі. Тікелей мемлекеттік қызметті көрсететін қызметті көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес, ол тіркелген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды сотқа дейінгі тәртіппен қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, мемлекеттік қызметтер

көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым шешімі, әрекеті (әрекетсіздігі) шағымданатын көрсетілетін қызметті берушіге беріледі.

Шешімі, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалған көрсетілетін қызметті беруші шағым түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын

көрсетілетін қызметті беруші, егер ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не өзге де әкімшілік іс-әрекет қабылдаса, шағымды қарайтын органға шағым жібермеуге құқылы.

Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге сотқа дейінгі тәртіппен шағымданғаннан кейін жол беріледі.

Ранайкул САХАНОВА,
Қазалы аудандық
санитариялық-
эпидемиологиялық
бақылау
басқармасының
бас маманы

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС- БАСТЫ НАЗАРДА

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, мемлекеттік органдармен және азаматтық қоғаммен өзара тығыз жұмыс істеу парасаттылық қоғамдық мүдделердің басымдығына бағытталған қазіргі заманғы мемлекеттік басқарудың барлық жүйесінің іргетасы болып табылады. Бұл ашықтық, адалдық, әдептілік, заңдылық, әділдік, рухани тұрақтылық сияқты құндылықтарды біріктіретін кешенді ұғым.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдағы басты назар оның алдын алуға, мемлекет пен қоғам күшін сыбайлас жемқорлықты барынша азайту жолына ұштастыруға бағытталған. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы қабылданып, мемлекет тарапынан бұл бағыттағы іс шаралар дәйекті-деректі негізде асырылып келеді. Мемлекеттік жаңа саяси бағытына сәйкес жасалған стратегиялық бағдарламаларда сыбайлас жемқорлықты ұлттық қауіпсіздікке тікелей қауіп төндіретінін ескеріп, мемлекет пен қоғамды осы келеңсіз құбылыспен күресте күш-жігер біріктіруге жұмылдыруды көздейді.

Қазіргі таңда «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Бұл ретте Қазақстан Республикасының Агроөнеркәсіптік кешендегі Мемлекеттік инспекция комитетінің Қазалы аудандық аумақтық инспекциясында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» туралы Заңы, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарында көрсетілген талаптардың қатаң сақтау қажеттілігі жөнінде тиісті іс-шаралар атқарылуда.

Инспекцияда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті насихаттау, мемлекеттік қызметшілер тарапынан қоғамдық індеттің алдын алу шаралары жүзеге асырылып келеді. Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы әдептілік, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес заңнамасын сақтау, сыбайлас жемқорлық іс-қимылдардың зияндылығы, оны қабылдауға қарсы пікірлер қалыптастыру қажет. Ұжымда салалар бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы атқарылған іс-шараларды Бұқаралық ақпарат құралдарында

кеңінен насихаттау мақсатында Медиа жоспар әзірленіп, аудандық басылымдарда мақалалар жарияланып тұрады. «Антикор» жобасы аясында инспекцияның атқарылған жұмыстары бойынша тікелей эфирлер өткізіліп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүргізілген шаралар туралы нәтежесін әлеуметтік желілер – «Фейсбук» парақшасы арқылы жариялау қолға алынған.

Мекеме ғимаратында азаматтардың арыз-шағымдарын қабылдау жәшігі орналастырылған, арнайы 21-7-60 сенім телефоны жұмыс істейді. Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдепкодексі баршаға көрінетіндей жерге ілінген. «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық кодексі» сәйкес жеке және заңды тұлғалардың өтініштері қаралып, тиісті уақытында жауабы беріліп отырады.

Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің облыстық, аудандық (қалалық) аумақтық инспекциялары бойынша Әдеп жөніндегі уәкілдің 2024 жылдың I жарты жылдығына арналған қабылдау кестесі ілінген.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында 2024 жылға жасалған іс-шара жоспарына сәйкес жергілікті құқық қорғау органдары, «AMANAT» партиясының аудандық филиалы, «Атамекен» кәсіпкерлік палатасы және «Жаңару» сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпы ұлттық қозғалыс республикалық қоғамдық бірлестігі өкілдерін қатыстыра отырып сыбайлас жемқорлыққа қарсы қоғамдық қабылдаулар, семинар – кеңес, дөңгелек үстелдер өткізу жоспарлануда. Инспекцияда алдағы уақытта сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті насихаттау және оның алдын алу шаралары бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жүргізіле береді.

Б.ДОСТЫБАЙ,
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрлігі
Агроөнеркәсіптік кешендегі
мемлекеттік инспекция комитетінің
Қазалы аудандық
аумақтық инспекция
басшысы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Қазалы аудандық аумақтық инспекция басшысының 2024 жылы азаматтарды жеке қабылдау кестесі

Қабылдау жүргізетін басшының аты-жөні	Лауазымы	Қабылдау күні	Қабылдау уақыты	Байланыс телефоны	Мекен-жайы
Достыбай Болат Қалиядинұлы	Инспекция басшысы	Әр аптаның сәрсенбі күні	сағат 15 ⁰⁰ -ден 18 ⁰⁰ -ге дейін	21-7-60	Әйтеке би кенті, Әйтеке би көшесі, №95 үй

ҰНДЫ ФОРТИФИКАЦИЯЛАУ

Ұнды фортификациялау дегеніміз – ұнды адам ағзасына қажетті дәрумендермен және минералдармен байыту. Ұнды фортификациялау халықтың денсаулығы мен еліміздің экономикасын нығайтуға және өнімнің сапасы мен құндылығын арттыруға мүмкіндік береді. Фортификация процесі кезінде жоғары және бірінші сұрыптағы бір тонна ұнға 150 грамм темір, мырыш қоспалары, фолий қышқылы мен В-тобының дәрумендері қосылады. Қоспа элементтері тағамдық сапаны арттырады, бірақ ұнның органикалық және басқа да қасиеттеріне әсерін тигізбейді, сонымен қатар жанама құбылыстарды да туғызбайды. Соңғы 50 жыл ішінде бұл әдіс кең таралған технологияға айналды. Яғни көптеген елдерде ұнды міндетті фортификациялау туралы заң қабылданды.

Бидай әлемде аса өріс алған дәнді егіс, ал ұн көпшілік тұтынатын аса әмбебеп және күнделікті өнім болып табылады. Адамның күнделікті рационында нан ерекше орын алады. Мамандардың айтуынша, әлем халқы жыл сайын 400 млн. тоннадан артық ұн пайдаланады. Бидай мен қара бидай – В1, В2, В6, Е дәрумендерімен ниацин, темір, мырыштың көзі. Сол себепті, бидай ұнының жоғары және бірінші сұрыптарын фортификациялау адам ағзасы үшін темір мен дәрумендер тапшылығының орнын толтыру мәселесін шешуде қолайлы және экономикалық жағынан тиімді.

Адамның денсаулығына қаупі бар проблемалардың бірі ол ас үлесіндегі темір мен фолий қышқылы сияқты дәрумендер мен минералдардың жетіспеушілігі. Ал, оның салдары анемияға әкеп соғады.. Еліміздің «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодексында, Қазақстан Республикасының аумағында өткізілетін (айналымдағы) жоғары және бірінші сортты бидай ұны құрамында темір бар дәрумендермен, минералдармен және басқа да заттармен байытуға (фортификациялауға) жатады деп көрсетілген. Сол себепті фортификацияланбаған ұнды пайдалану ана мен бала өлімі көрсеткіштерінің жоғарылауына, баланың физикалық және ақыл-ой дамуының кешеуілдеуіне әсер етеді. Әр адамның денсаулығы өз қолында, «Ауырып ем іздегенше - ауырмайтын жол ізде» демекші, фортификацияланған ұнды күнделікті тұтынуды үрдіске айналдыруға мән бергеніміз жөн.

Гүлбану ОРАЗ,
Қазалы аудандық
санитариялық-
эпидемиологиялық
бақылау
басқармасының
жетекші маман

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
Министрлігінде 2004 жылғы
15 наурызда тіркеліп, №4801-г
куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспаханың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11113 дана.